

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ

Адалдық миссиясы:

- Оқыту - оқытушының біліктілігі мен көшбасшылығы негізінде студенттің білім сапасының факторы ретінде, пайдакүнемдік пен жеке пайдаларынан тыс екі жақты әлеуметтік процесс.
- Процестің әрбір қатысушысының адалдығы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимылдың жалпы жеке-кәсіби корпоративтік мәдениетін құрайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер:

- Университеттің барлық қызметкерлері өз жұмысын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі» халықаралық стандартының талаптарына сәйкес, университеттің адалдыққа және ашықтыққа негізделген корпоративтік мәдениетін сақтай отырып орындауға міндетті.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің әрекет ету аумағы мен шектерінде университеттің ішкі нормаларын және ҚР заңнамалық актілерін бұза отырып, парақорлыққа, кез келген құнның (қаржылық немесе қаржылық емес) артықшылықтарын алуға, ынталандыру немесе сыйақы ретіндегі іс-әрекеттерге тыйым салынады.
- Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін үнемі жақсарту сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарға қол жеткізу және алдын алу жолымен жүзеге асырылады.
- Университет басшылығы сыбайлас жемқорлықтың ықтимал және нақты жағдайлары туралы ақпараттандыру процедураларын қолдануды ынталандырады, ақпараттандырудың құпиялылығына кепілдік береді.
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған шараларды жүзеге асыру бойынша Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат субъектілерінің іс-әрекеттерін үйлестіру және бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі университет Кеңесі мен "Парасат" орталығы жүзеге асырады.

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің басшылығы, ПОҚ және білім алушылар университеттің саясатында және ISO 37001 халықаралық стандартының талаптарында көрсетілген барлық міндеттердің орындалуы мен сақталуына жеке және корпоративтік жауапкершілікте болады.

Ректор

Т. Балықбаев

